ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә.Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік автоматтандыру және цифрландыру институты

Өнеркәсіптік инженерия кафедрасы

Махашев Қасымхан Абилсеитуғли

«Сериялық өндіріс жағдайында білік-тістегеріштің механикалық өңдеу технологиясын жасау»

Дипломдық жобаға

ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5В071200 – «Машина жасау» мамандығы

Алматы 2021

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә.Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік автоматтандыру және цифрландыру институты

Өнеркәсіптік инженерия кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
Кафедра меңгерушісі
PhD докторы
_____Б.С.Арымбеков
«05» 05 2021ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Сериялық өндіріс жағдайында білік-тістегеріштің механикалық өңдеу технологиясын жасау»

5В071200 – «Машина жасау»

Орындаған Махашев Қ.А.

Ғылыми жетекші
техн. ғыл.канд-ты,
ассоц.профессор
_____А.Т.Альпеисов
«06» 05 2021ж.

Алматы 2021

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә.Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік автоматтандыру және цифрландыру институты

Өнеркәсіптік инженерия кафедрасы

5В071200 – «Машина жасау»

БЕКІТЕМІН
Кафедра меңгерушісі,
PhD докторы
_____ Б.С.Арымбеков
«24» 11 2020ж.

Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА

Білім алушы *Махашев Қасымхан Абилсеитұғлы*
Тақырыбы: *«Сериялық өндіріс жағдайында білік-тістегеріштің механикалық өңдеу технологиясын жасау»*
Университет ректорының *«24 қараша» 2020ж. №2131-б бұйрығымен бекітілген*
Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі *«26» мамыры 2021ж.*
Дипломдық жобаның бастапқы берілістері *бұйымның құрастыру сызбасы, тетіктің жұмысшы сызбасы, маршруттық – операциалық карталар, тетіктің жылдық шығару бағдарламасы, диплом жоба алдындағы практиканың мәліметтері, тетіктің техникалық сипаттамасы*
Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі
а) бұйымның құрастыру технологиясы; б) білік-тістегерштің механикалық өңдеудің технологиялық үрдістері; в) металлкескіш станоктың қондырғысың жобалау.
Сызбалық материалдардың тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)
тетіктің жұмысшы сызбасы және дайындаманың сызбасы – 1А1; технологиялық баптаулар, технологиялық карталар – 2А1; металлкескіш станоктың қондырғысының сызбасы– 1А1.
Ұсынылатын негізгі әдебиет *14 атау*

Дипломдық жобаны дайындау

КЕСТЕСІ

Бөлім атауы, Қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Технологиялық бөлімі	12.01.21ж. – 27.02.21ж.	орындалды
Конструкторлық бөлімі	03.03.21ж. – 30.03.21ж.	орындалды
Ұйымдастыру бөлімі	03.04.21ж. – 15.04.21ж.	орындалды

Дипломдық жоба бөлімдерінің қенесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған

қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі, (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Норма бақылау	Ә.Ж.Жанкелді, PhD докторы, лектор	11.04.2021ж.	

Ғылыми жетекші _____А.Т.Альпеисов

Тапсырманы орындауға алған білім алушы_____ Қ.А.Махашев

Күні « 04 » 05 2021ж.

АҢДАТПА

Бұл дипломдық жобада білік-тістегеріш шығаратын механикалық бөлімді жобаладық. Білік-тістегеріш механикалық өңдеу технологиясындағы негізгі операциялардың баптауын сызбада көрсеттік. Берілген шығару бағдарламасына сай өндірістің типі анықталынады, таңдау және дайындаманы жасау әдісінің негізделуі жүргізіледі. Білік-тістегершітің жеке беттерінің маршрутты өңделуі және оны жалпы өңдеудің операционды технологиялар жасалынады. Білік-тістегеріштің өңдеуінің технологиялық процессін жобалаудың жолында технологиялық процессті нормалау орындалады. қорап жасалуының еңбексыйымдылығы және бұйым жасаудың жалпы еңбексыйымдылығы анықталынады. Механикалық учаскедегі негізгі жабдықтардың қажетті мөлшерін есептеуі, жұмыс құрамы және оның санын есептелуі жүзеге асырылады. Сонымен қатар механикалық учаскенің ауданы және жұмыс орындарының саны мен құрастыру цехының құрал-жабдықтарының саны анықталынады.

АННОТАЦИЯ

В этой дипломной работе спроектировал механо сборочный участок по производству вал-шестерня. С учетом заданной программы выпуска определяется тип производства, производится выбор и обоснование метода изготовления заготовки. Разрабатаны маршруты обработки отдельных поверхностей детали и операционной технологии обработки ее, в общем. В ходе проектирования технологического процесса обработки вала-шестерни, выполняется нормирование технологического процесса, определяется трудоёмкость изготовления детали и общей трудоёмкости изготовления изделия. Осуществляется расчет потребного количества основного оборудования механического участка, рабочего состава и его численности. Наряду с этим определяется площадь механического участка, а так же количество рабочих мест и оборудования сборочного участка.

ANNOTATION

In this research paper designed a mechanical assembly site for the production of bowl drive. developed the technology of machining the case. Taking into account the set program of release the manufacture type is defined, the choice and a substantiation of a method of manufacturing of preparation is made. Technological schemes of assemblage of knot, as route of processing of separate surfaces of a detail and operational technology of its processing, in general are developed. During designing of technological process of processing of a detail, rationing is carried out, labour input of manufacturing of a detail and the general labour input of manufacturing of a product is defined.Calculation quantities of the capital equipment of a mechanical site, working structure and its number is carried out. Along with it the area of a mechanical site, and as quantity of workplaces and the equipment of an assembly site is defined.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе 7
1 Технологиялық бөлім 8
1.1 Бұйымның, тетіктін немесе құрылымдық бірліктін сипаттамасы 8
1.2 Тетіктің технологиялық анализі 9
1.3 Өндіріс типін анықтау 10
1.4 Бұйымды өңдеу операция кезіндегі технологиялық базаларды таңдауының негіздемесі 10
1.5 Механикалық өңдеу операциясы кезіндегі әдіпті есептеу 11
1.6 Кесу режимі мен машиналық уақытты анықтау есебі 13
1.7 Техникалық уақыт нормасын есептеу 24
2 Конструкторлық бөлім 27
2.1 Қондырғының сипаты мен есебі 27
3 Ұйымдастыру бөлімі 29
3.1 Өндірістің негізгі жабдықтар саның анықтау 29
3.2 Цех жұмысшыларының санымен құрамын анықтау 30
3.3 Механикалық бөлімнің ауданын анықтау 31
3.4 Механикалық бөлімінің көмекші бөлігінің ауданын анықтау 31
3.5 Материалдар мен дайындамаларды сақтайтын қойманың ауданын анықтау 32
3.6 Құрал – жабдық қоймасының ауданын анықтау 32
3.7 Құрастыру стендінің санын анықтау 32
3.8 Құрастыру бөлімінің ауданың есептеу 33
3.9 Механикалық құрастыру бөліміндегі жұмысшылар санын анықтау 33
3.10 Қызмет көрсету мекемесін жобалау 34
Қорытынды 35
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 36
Қосымша 37

КІРІСПЕ

Машина жасауда өндірісті комплексті автоматтандыруға арналған машиналар мен қазіргі сенімді де эффективті жаңа жүйелер құрылып, игерілді. Бұл қолдың күшімен аз қажет етіп, жоғары сапалы өнім алуға мүмкіндік береді.Алдыңғы қатарлы технология мен кешеннің механикалау процесін және металл кескіш станоктарды өндіру процесін жобалау мен еңгізу эффективтілігі өндірітің кең дамыған мамандырылуы арқылы қамтамассыз етіледі.

Біздің тұрмыстағы станоктардың артықшылығы автоматты линия түзу мүмкіндігінде. Металл кескіш станоктар – жаңартылған машина, құрал – саймандар және басқа да заттарды өндіруге арналған зауыт жабдықтарының негізгі түрі. Металл кескіш станоктар үшін микропроцессорлы техникасын қолдану арқылы сандық бағдарламалық басқаруды қолдану кең аясы тән.

Машинажасау – ғылыми-техникалық прогрестің бөлігі ретінде өнеркәсіптің маңызды саласы болып табылады. Оның шығаратын өнімдері халық шаруашылығының барлық салаларында қолданылады. Өнеркәсіптің және халық шаруашылығының өсуі және де олардың жаңа техникамен қамтамасыздануы машинажасаудың даму деңгейіне тікелей байланысты.

Машинажасау технологиясының ең басты мақсатының бірі технологиялық процестердің ағымы заңдылықтары меңгеріп, оларға әсер ету арқылы оның дәлдігін жоғарылату болып табылады. Қабылданған өндіріс технологиясына шығарылатын машиналар сенімділігі және де қолдану экономикасы байланысты. Машинажасау технологиясын дамыту қоғамға қажетті машиналар шығару қажеттілігімен анықталады. Машинаның конструктивті әзірленуі оның өндіріс технологиясына әсер етеді. Машина конструкциясын оның технологиясын ескере отырып жасаған жөн.

Ғылыми-техниканың даму кезеңінде техникалық жабдықтандыру негізінде өндірісті жаңарту, механизациялаудың және автоматизациялаудың деңгейін көтеру, техниканың энергия үнемдейтін түрлерін кең пайдалану, екінші реттік қорларды пайдалануды жақсарту, роботты-техникалы кешенді кеңінен енгізу қарастырылды. Машина жасау өндірісінде бұйымның қасиеттерін ұзақ тұрақтылығын және сенімділігін арттыруды технологиялық өңдеуге үлкен мән беріледі.

Қазіргі таңда, машина жасауда өндірісті комплексті автоматтандыруға арналған машиналар мен қазіргі сенімді де тиімді жаңа жүйелер құрылып, игерілді. Бұл қолдың күшін аз қажет етіп, жоғары сапалы өнім алуға мүмкіндік береді. Алдыңғы қатарлы технология мен кешеннің механизациялау процесін және металл кескіш станоктарды өндіру процесін жобалау мен еңгізу тиімділігі өндірістің кең дамыған мамандырылуы арқылы қамтамасыз етіледі.

Дипломдық жұмыстың тапсырмасы базалық тетікті дайындау үшін инжинерлік есептеудің көмегімен цехтың техника-экономикалық көрсеткіштерінің негізінде бұйымды өндіру үшін қажетті технологиялық іс-амалдарын жасай отырып технологиялық өңдеу бөлімшелерін жобалау.

1 ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ БӨЛІМ

1.1 Бұйымның, тетіктін немесе құрылымдық бірліктін сипаттамасы

Негізінен айналушы моментті беруге арналған машина тетік бөлшектерін білік деп атайды. Білік-тістегеріштер біршама үлкен айналу күштерін бірінші орыннан екінші орынға жеткізетін, өндірісте кеңінен қолданылатын машина бөлшектерінің бірі. Ол өндіріс машиналарында, түрлі тасмал машиналарында және тұрмыстық техникалық-механизмдерде жиі пайдаланылады. Біліктер период бойынша қайталанып отыратын көлденең күштердің әсерінен туындайтын көлденең немесе июші, бұрыштық немесе бұраушы және ииіп-бұраушы тербелістерге ұшырайды.

Тетіктін жұмыс жағдайы мынадай болады:

Машиналардағы қозғалыс ықпалымен күштер әсер ететін ортада жұмыс жасайды. білікке қойылған остік жүктемелі тетік бөлшектердің әсері кезінде айналу мен бүгілуге жұмыс істейді. Сондай- ақ созу мен қысуғада қосымша жұмыс істейді. Оның негізгі жұмыс режимі: түрлі мол майлағыш майлар, агресивті газдар, шаң-тозаңдар. Тетік периодты статикалық күштер әсерінде жұмыс жасайды. Осы жағдайды ескеріп тетік материалдарына коррозияға тұрақтылық, метал шаршауына тұрақтылық, қолданыс орынына қарай дәлдікке және жоғары беріктікке талаптар жоғары болып келеті.



1.1 Сурет – Білік-тістегеріштің сұлбасы

Тетік материалы мен оның қасиеттері:

Болат 40ХН көміртегі мөлшері С - 0,4 - 0,43 %, ал хром мен никелдің пайыздық мөлшері 1% дейін.

Беріктік категориясы К40.

Аққыштық шегі $\zeta_т$ = 275 МПа.

Уақытша кедергісі $\zeta_в$ = 491 МПа.

Салыстырмалы ұзаруы ζ = 15%.

Салыстырмалы тарылу φ = 20%.

Соқпалы тұтқырлығы KCU 343 кДж/м^2.

Дайыдама: 2 қалыптау (жауапты құймаларға тағайындалады)

МЕСТ 4543-71.

Қалып дәлдігі 11-0-0-10 МЕСТ 26645-85. Қалып – беріктікке есептелген және статикалық жүктеуде жұмыс жасайтын тетіктер үшін арналған. Қалыптын тексерілетін параметрлері: Сыртқы көрінісі, өлшемдері, химиялық құрамы, механикалық қасиеттері, және салыстырмалы ұзаруы.

1.2 Тетіктің технологиялық анализі

Тетіктің өмірлік циклі төмендегі процестермен байланысты, олар: дайындаманы алу, дайындаманы өңдеу, тетікті эксплуатациялау және оның ремонты, утилизация. Тетік дайындамасын алудың технологиялылығын қарастырайық. Тетік корпусты тетіктер сыныбына жатқасын, ең оптималды вариант – құйма операциясы. Тетіктің шығару бағдарламасы жоғары және дәлдігі жоғары болғандықтан, машиналық қалыптау әдісін қолданамыз. Дайындама цехінен дайындамамыз құю прибылдарынан тазартылған, тексеру бөлімінен өтіп келеді.

Тетік дайындау процессінің технологиялылығы. Тетік қарапайым геометриялық беттер бойынша өңделеді. Кескіш инструментіміз кесу аймағына келтіру амалдары жеңіл және ашық болып келеді. Бекіту және базалау беттері толық комплекті. Кейбір беттер унифекацияланған (тесіктер, бұрандалар, фаскалар және т.б.). Таңдалған материалымыз кесіп өңдеуге жеңіл келеді.

Тетіктін конструкциялық технологиялылығын мөлшерлік бағалауы төменгі коэффициенттер мен анықталады:

Тетікті дайындаудың еңбексыйымдылық коэффициенті.

$$K_{у.т} = Q_п / Q_{б.п} \qquad (1.1)$$

мұндағы $Q_п$ – тетікті дайындаудың жобаланған еңбексыйымдылығы;

$Q_{б.п}$ – базалық зауыттағы еңбексыйымдылық.

$$K_{у.т} = 204{,}02 / 396 = 0{,}51$$

Тетіктін конструкциялық элементтерінің унификация коэффициенті.

$$K_{у.э} = Q_{э.у} / Q_э \qquad (1.2)$$

мұндағы $Q_{э.у}$ – тетіктін унификацияланған элементтер саны, дана;

$Q_э$ – конструктивті элементтердін жалпы саны, дана.

$$K_{у.э} = 32 / 40 = 0{,}8$$

Материалды қолдану коэффициенті.

$$K_{и.м} = G_д / G_{з.п} \qquad (1.3)$$

мұндағы $G_д$ – сызба бойынша тетіктін массасы,кг;

$G_{з.п}$ – дайындаманың барлық технологиялық жойылуларымен

бірге, кг.

$$K_{и.м} = 50,5 / 61 = 0,82$$

1.3 Өндіріс типін анықтау

Өндіріс типін МЕСТ 3.1108-74 негізінде бір жұмыс орнының немесе жабдық бірлігінің операция бекіту коэффициентімен сипатталады. Өндіріс типі төмендегі коэффициент арқылы анықталады:

$$K_{з.о} = Q / P_м \qquad (1.4)$$

мұндағы Q – түрлі операциялар саны; Зауыт атынан берілген технологиялық үрдісте 31 операция берілген;

$P_м$ – осы операциялар орындалып жатқан жұмыс орындарының саны.

Операция орындалатын жұмыс орындаы:

1.1 станокта механикалық өңдеулер жүргізілсе, 1 слесарьлік стендісінде қалған операциялар жүзеге асырылады.

Барлығы 3 жұмыс орны белгіленген. Сонда операция бекіту коэффициенті мынаған тең:

$$K_{з.о} = 31 / 3 = 10,33$$

Мемлекеттік стандарт бойынша осындай коэффициент орташа сериялық өндіріс типіне сай келеді. Орташа сериялық өндіріс өзінін периодты қайталана отыратын партияларынын шектелі наменклатурасымен сипатталады, және оның шығару көлемі жоғары болып келеді. Сериялық өндіріс кезінде кеңінен әмбебап станоктар қолданылады, және олар көпшілікте арнайы немесе әмбебап, әмбебапты – құрастырмалы қоңдырмалармен жарақтанады. Осынын барлығынын әсерінен өнімнің еңбек сыйымдылығы мен өзіндік құны төмендетілген. Сериялық өндіріс кезінде технологиялық процесс дифференцияланады, яғны өзінді бір операцияларға жіктеледі және олар арнйы әр станоктарда өңделеді.

1.4 Бұйымды өңдеу операция кезіндегі технологиялық базаларды таңдауының негіздемесі

Базалау дегніміз таңдаған санау системаға қатысты дайындаманы, тетікті, құрылым бірліктерді қажетті күй орның келтіру процессі аталады.

Технологиялық базалар таңдауымыз негізінен жалпы база таңдау принцептеріне сай :

Құйма дайындамасына қаралай база аламыз, бұл тетіктін ең үлкен беті. Бұл беттін базасы келесі операцияда қаралықты болдырмауға үлкен кепілдік

береді. Осыны біз 1- ші реттемеде көрсетілген. Сонымен қатар технологиялық базамыз конструкциялық базасымен сай келеді, ол өздігінен өлшеу қателігін пайда болуын жоққа шығарады.

Осы өңделген бетіміз келесі операцияларға база болып қалады. Осы реммемеде база таңдаудын екінші принципін қолданамыз; Ол базаның бірізділігі – ол дегеніміз барлық операцияларға бір база алу. Ол графикалық жұмыстағы 2, 3, 4, 5, 7 ші реттемелерден байқауға болады. 6, 8 реттемелерде басқа база алуға тура келеді, бірақ бұл ауыстырым тетік дәлдігіне әсер етпейді, себебі біз басқа конструкциялық базаға сүйенеміз.

1.5 Механикалық өңдеу операциясы кезіндегі әдіпті есептеу

Машина жасау саласында беттін пішімін негізінен кесу операция арқылы жүргізіледі, Бұл әрекеттен кейін беттін кедір – бұдырлығы мен геометриялық параметрлері экономикалық тұрғыдан және дәлдігі жоғары. Дайындаманы берілген тетік параметріне жеткізу үшін кесу режимі кезінде жоңқаға айналатын метал қабатын қалдырамыз . Осы метал қабаты – әдіп аталынады. Және осы әдіп мөлшері мейлінше оптималды болған жөн. Механикалық өңдеу операцияларында әдіпті таңдау көбінесе анықтамаық кестелер мен МЕСТ – тің нұсқаулары негізінде тағайындалады; Осы алынған әдіп технологиялық процеске, өңдеу жағдайларын байланыспай, артық мәнге ие болады. Бұл өздігінен материал шығыны мен артық еңбек сыйымдылыққа әкеледі. Осы кемшілікті алға тартып біз, механикалық өңдеу кезінде В. М. Кован ұсынған әдіпті «есепті– аналитекалық әдіс» негізінде анықтадық. Бұл әдіс алдынғы өңделген бет пен өңделіп жатқан беттін технологиялық факторларын анализдеу негізінде құрастырылған. Әдіптін мәні әдіпті құрайтын элементтерді дифференциалдап есептеу негізінде анықталады. Әдіп есептеудін есепті-аналитикалық тәсілі әдіп анықтауда әр технологиялық әрекеттін әдібін (аралық әдіп) және олардың қосындысы жалпы әдіпті табуға мүмкіндік береді.

Әдіпті есептеу

1) Беттін өңдеу маршрутын анықтаймыз.
2) Маршрут бойынша дәлдікті тағайындаймыз.
3) Әдіпті есептеу формуласын іздестіреміз.

Есептелінген әдібіміз жазық бетті болса (біржақты әдіп), онда анықтайтын формуламыз төменгідей.

$$z_{i\,\min}=(R_z+h)_{i-1}+\Delta_{\Sigma i-1}+\varepsilon_i \qquad (1.5)$$

мұндағы Rz_{i-1} – алдынғы әрекеттін кедір- бұдырлық профилінін биіктігі;

h_{i-1} – алдынғы әрекеттін беттін дефекті терендігі;

$\Delta_{\Sigma\, i-1}$ – алдынғы әрекеттегі бет орналасуынын қосынды ауытқуы;

ε_i-жүргізіліп жатқан әрекеттегі дайындаманы орнату ауытқуы.

4. Дайындама операциясының R_z и T анықтаймыз [6 кесте, 182 бет, 1.].

5. Өңдеу маршруты бойынша R_z и Т анықтаймыз [10 кесте, 185 бет, 1.].
6. Дайындама мен механикалық өңдеудің кеңістіктік ауытқуының қосындысын анықтаймыз [8 кесте, 183 бет, 1].

$$\Delta = \sqrt{\Delta_{см}^2 + \Delta_{кор}^2} \qquad (1.6)$$
$$\Delta_{см} = TD = 46 мкм$$

$$\Delta_{кор} = \Delta_к L = 0.9 \cdot 425 = 382.5 \text{ мкм} \qquad \Delta к=0,3\text{-}1,5$$

$$\Delta_\Sigma = \sqrt{\Delta_{êîð}^2 + \Delta_{ñì}^2} = \sqrt{382,5^2 + 46^2} = 385,25 \text{ мкм.} \qquad (1.7)$$

$$\Delta_1 = 0,06 \cdot 385,25 = 22,95 мкм$$
$$\Delta_2 = 0,04 \cdot \Delta_1 = 1,14 мкм$$

6. Қондырмаға орнатқанда базалау қателігін кесте бойынша [14 кесте, 43 бет, 1.] анықтаймыз. $\varepsilon_{см}$=0,12мм.
7. Операция аралық әдіпті анықтаймыз.
Алдын-ала фрезерлеу үшін:

$$Z_{\min 1} = (400 + 385,2 + 110) = 895,2 мкм$$

Тазалай фрезерлеу үшін:

$$Z_{\min 1} = (100 + 100 + 22,95 + 60) = 282,95 мкм$$

9. Ең кіші шектік өлшемді анықтаймыз:

$$d_{\min 2} = 139,2 + 0,282 = 140,08 мм$$
$$d_{\min 1} = 140,08 + 0,895 = 140,978 мм$$

10. Ең үлкен шектік өлшемді анықтаймыз:

$$d_{\max 2} = 140,08 + 0,63 = 140,71 мм$$
$$d_{\max 1} = 140,978 + 0,8 = 141,52 мм$$

11. Әдіптін мәндерін анықтаймыз:

$$Z_{\max 3}^{пр} = 140,71 - 140,2 = 0,512 мм = 512,95 мкм$$
$$Z_{\max 2}^{пр} = 141,52 - 140,71 = 1,065 мм = 1065,2 мкм$$
$$Z_{\min 3}^{пр} = 140,08 - 139,2 = 0,282 мм = 282 мкм$$
$$Z_{\min 2}^{пр} = 140,978 - 140,08 = 0,895 мм = 895 мкм$$

12. Есептеулерді тексереміз:

$$Z^{пр}_{\max 3} - Z^{пр}_{\min 3} = 512{,}95 - 282 = 230 мкм$$
$$\delta_2 - \delta_3 = 630 - 400 = 230 мкм$$
$$Z^{пр}_{\max 2} - Z^{пр}_{\min 2} = 1065{,}2 - 895 = 170 мкм$$
$$\delta_1 - \delta_2 = 800 - 630 = 170 мкм$$

13. Есептеулер мағлұматтарын кестеге толтырамыз.

1.6 Кесу режимі мен машиналық уақытты анықтау есебі

Операция: жону операциясының есебі.
Станок: центрлей бұрғылау - жоңғылау станогы мод. 6530К
Қондырма: призма МЕСТ 16643-63*
Кесу құралы: кескіш Т5К10=68мм, z=16 МЕСТ 1092-80
Қосымша құрал: құралбілік 6462-0098 МЕСТ 12643-83.
Өлшеу құралы: ШЦ I-135 МЕСТ 169-88.

1. Кесу тереңдігін анықтау.
t=2,25мм, ол әдіп мәніне тең.
2. Берілісті анықтау.
Қатты қорытпалы шетжақтаулы фрезамен қаралай жоңғылау үшін беріліс [33 кесте, 283 бет, 2.] бойынша алынады. Ол станоктын қуаты мен өңделетін материалға және қатты қорытпа маркасына байланысты табамыз. Қатты қорытпа маркасы Т5К10 деп алсақ, ал материал бастапқы мәлімет бойынша Болат 45, станоктын қуаты шамамен 10 кВт теңестіреміз; Сонда беріліс мына аралыққа 0,4-0,5 мм/тіс тең. Біз осы аралықтын орташа мәні 0,45 мм/тіс алайық.
3. Кесу жылдамдығын анықтау.

$$v = \frac{C_V}{T^m t^x s^y_z} K_V = \frac{350}{45^{0,2} \cdot 2{,}25^{0,15} \cdot 0{,}45^{0,35}} 0{,}92 = 176{,}1 \text{ м/мин.} \qquad (1.8)$$

мұндағы $K_v = K_{iv} \cdot K_{nv} \cdot K_{uv}$ жалпы кесу жағдайын ескеретін түзету коэффициенті.

Өңделетін материалдың сапасын (физико – механикалық қасиеті) ескеретін коэффициенті. [1-4 кесте, 262 бет, 2.]

$$K_{мv} = \left(\frac{750}{\sigma_B}\right)^{n_v} \cdot K_T = \left(\frac{750}{610}\right)^1 = 1{,}23 .$$

Кесте [2 кесте, 262 бет, 2.] бойынша коэффициенті K_T =1 мен n_v =0,8 дәреже көрсеткішін табамыз.

Дайындаманың бет қалыпын әсерін ескеретін коэффициент. [5 кесте, 263 бет, 2.]

K_{nv}=0.8-0.85

Кескіштін материалының әсерін ескеретін коэффициенті. [6 кесте, 263 бет, 2.]

K_{uv}=0,65

Сонда жалпы түзету коэффициенті.

K_v=1,23*0,8*0,65*1,7*0,9*0,94=0,92

Тұрақтылық периоды фреза диаметріне байланысты таңдаймыз ф45 фреза үшін Т=45мин. [40 кесте, 290 бет, 2.]

C_v=350 коэффициенті мен x=0.15, y=0.35, m=0.2 дәрежелері

[39 кесте, 286 бет, 2.] Т15К6 қаттықорытпалы кескіш үшін берілген.

4. Шпиндельдін айналу саның анықтау.

$$n = \frac{1000v}{\pi D} = \frac{1000 \cdot 176{,}1}{3.14 \cdot 50} = 1246{,}2 \text{ айн/мин.} \qquad (1.9)$$

Станок паспорты бойынша түзетеміз.

$$n_д = 1240 \text{ айн/мин.}$$

Нақты кесу жылдамдығын табамыз.

$$v_ä = \frac{\pi \cdot D \cdot n}{1000} = \frac{3.14 \cdot 50 \cdot 1240}{1000} = 175{,}21 \text{ м/мин.} \qquad (1.10)$$

5. Минуттық берілісті анықтаймыз.

$$S_m = S_z \cdot z \cdot n_д = 0{,}15 \cdot 16 \cdot 1246 = 2990{,}4 \text{ мм/мин.} \qquad (1.11)$$

6. Кесу күшін анықтау.

$$P_z = 10C_p t^x S_z^y v^n K_p = 10.339.2{,}15.0{,}45^{0{,}5} 175{,}21^{-0{,}4}.0{,}856 = 554{,}67 \text{ Н.} \qquad (1.12)$$

C_p=339 коэффициенті мен x=1, y=0.5, n=0.4 дәрежелер көрсеткіштерін [41 кесте, 291 бет, 2.] кестеден аламыз.

Өңделетін материалдың сапасын (физико - механикалық қасиеті) ескеретін коэффициенті. [9 кесте, 264 бет, 2.]

$$K_{MP} = \left(\frac{\sigma_B}{750}\right)^{0.3} = \left(\frac{610}{750}\right)^{0.75} = 0.856 .$$

7.Айналу моменті.

$$M_{кр} = \frac{P_z D}{2 \cdot 100} = \frac{554{,}67 \cdot 45}{2 \cdot 100} = 124{,}8\,\text{Нм}. \qquad (1.13)$$

8. Кесу режиміне қажетті қуатты іздейміз.

$$N_e = \frac{P_z v}{1020 \cdot 60} = \frac{554{,}67 \cdot 175{,}21}{1020 \cdot 60} = 1{,}58\,\text{кВт}. \qquad (1.14)$$

9. Операцияның негізгі уақытын есептеу.

$$T_o = \frac{L_{рх}}{S_м} \cdot i = \frac{50}{1240} \cdot 0{,}45 = 0{,}06\ мин\ . \qquad (1.15)$$

Операция: жону операциясының есебі. (қаралай)

Станок: жону станогы мод. 1А832

Қондырма: үш құлақты қысқыш МЕСТ 16533-68*, Қысу бұрандалары МЕСТ 14436-64*

Кесу құралы: Кескіш 2142-0150 МЕСТ 9795-84

Қосымша құрал: Құралбілік 6300-0896 МЕСТ 21225-75

Өлшеу құралы: ШЦ I-135 МЕСТ 169-88.

1. Кесу тереңдігін анықтау.

t=1 мм, ол әдіп мәніне тең.

2. Берілісті анықтау.

Қаралай жону кезінде [12 кесте, 267 бет, 2.] кесте бойынша кесу терендігіне байланысты алынады: S=0.5 мм/айн

3. Кесу жылдамдығын анықтау.

$$v = \frac{C_V}{T^m t^x s^y} K_V = \frac{350}{60^{0,2} \cdot 1^{0,15} \cdot 0{,}5^{0,35}} 1 = 218.7\,\text{м/мин}.$$

Мұндағы коэффициент $K_v = K_{iv} \cdot K_{nv} \cdot K_{uv}$ жалпы кесу жағдайын ескеретін түзету коэффициенті.

Өңделетін материалдың сапасын (физико - механикалық қасиеті) ескеретін коэффициенті. [1-4 кесте, 262 бет, 2.]

$$K_{мv} = \left(\frac{750}{\sigma_B}\right)^{n_v} \cdot K_T = \left(\frac{750}{610}\right)^{0.75} = 0.88\,.$$

Кесте [2 кесте, 262 бет, 2.] бойынша коэффициенті K_T =1 мен n_v =1.75 дәреже көрсеткішін табамыз.

Дайындаманың бет қалыпын әсерін ескеретін коэффициент.

K_{nv}=1 [5 кесте, 263 бет, 2.]

Кескіштін материалының әсерін ескеретін коэффициенті.

K_{uv}=1.15[6 кесте, 263 бет, 2.]

Пландағы бұрыштың әсерін ескеретін коэффициент.

K_{φ}=1[18 кесте, 271 бет, 2.]

Кескіш радиусынын әсерін ескеретін коэффициенті.

K_r=1[18 кесте, 271 бет, 2.]
Сонда жалпы түзету коэффициенті.
K_v=0,88·1·1.15·1·1=1
C_v=350 коэффициенті мен x=0.15, y=0.35, m=0.2 дәрежелері
[17 кесте, 269 бет, 2.] кестеде берілген.
Тұрақтылық периоды T=60. [268 бет, 2.]
4. Шпиндельдін айналу саның анықтау.

$$n = \frac{1000v}{\pi D} = \frac{1000 \cdot 218.7}{163.28} = 1339 \text{ айн/мин.}$$

Станок паспорты бойынша түзетеміз.

$$n_{ä} = 1250 \text{ айн/мин.}$$

Нақты кесу жылдамдығын табамыз.

$$v_{ä} = \frac{\pi \cdot D \cdot n}{1000} = 204.1 \text{ м/мин.}$$

5. Кесу күшін анықтау.

$$P_z = 10C_p t^x S^y v^n K_{ð} = 10 \cdot 300 \cdot 1^1 \cdot 0.5^{0.75} \cdot 204.1^{-0.15} \cdot 0.744 = 1556 \text{ Н.}$$

C_p=300 коэффициенті мен x=1, y=0.75, n=-0.15 дәрежелер көрсеткіштерін [22 кесте, 273 бет, 2.] кестеден аламыз.

мұндағы Kp = K_{MP}·Kφp·Kγp·Kλp· Krp=0.744 жалпы кесу жағдайын ескеретін түзету коэффициенті.

$$K_{MP} = \left(\frac{\sigma_B}{750}\right)^{0.75} = \left(\frac{610}{750}\right)^{0.75} = 0.8 \text{ . [9 кесте, 264 бет, 2.]}$$

Kφp=0.89
Kγp=1
Kλp=1
Krp=0.93

6. Кесу режиміне қажетті қуатты іздейміз.

$$N_e = \frac{P_z v}{1020 \cdot 60} = \frac{1556 \cdot 204.1}{1020 \cdot 60} = 6.6 \text{ кВт.}$$

7. Операцияның негізгі уақытын есептеу.

$$Ò_{î} = \frac{L_{px}}{n * s_0} \iota = \frac{90.9}{1250 * 0.5} 1 = 0,145 \text{ ìèí} .$$

Операция: жону операциясының есебі. (қаралай)

Станок: жону станогы мод. 1А832

Қондырма: үш құлақты қысқыш МЕСТ 16533-68*, Қысу бұрандалары МЕСТ 14436-64*

Кесу құралы: Кескіш 2142-0150 МЕСТ 9795-84

Қосымша құрал: Құралбілік 6300-0896 МЕСТ 21225-75

Өлшеу құралы: ШЦ I-135 МЕСТ 169-88.

1. Кесу тереңдігін анықтау.

t=2 мм, ол әдіп мәніне тең.

2. Берілісті анықтау.

Қаралай жону кезінде [12 кесте, 267 бет, 2.] кесте бойынша кесу терендігіне байланысты алынады: S=0.8 мм/айн

3. Кесу жылдамдығын анықтау.

$$v = \frac{C_V}{T^m t^x s^y} K_V = \frac{340}{45^{0,2} \cdot 2^{0,15} \cdot 0,8^{0,45}} 0.88 = 139.24 \text{ м/мин.}$$

Мұндағы коэффициент $K_v = K_{iv} \cdot K_{nv} \cdot K_{uv}$ жалпы кесу жағдайын ескеретін түзету коэффициенті.

Өңделетін материалдың сапасын (физико - механикалық қасиеті) ескеретін коэффициенті. [1-4 кесте, 262 бет, 2.]

$$K_{мv} = \left(\frac{750}{\sigma_B}\right)^{n_v} \cdot K_T = \left(\frac{750}{610}\right)^{0.75} = 0.88 .$$

Кесте [2 кесте, 262 бет, 2.] бойынша коэффициенті K_T =1 мен n_v =1.75 дәреже көрсеткішін табамыз.

Дайындаманың бет қалыпын әсерін ескеретін коэффициент.

K_{nv}=1 [5 кесте, 263 бет, 2.]

Кескіштін материалының әсерін ескеретін коэффициенті.

K_{uv}=1[6 кесте, 263 бет, 2.]

Пландағы бұрыштың әсерін ескеретін коэффициент.

K_{φ}=1[18 кесте, 271 бет, 2.]

Кескіш радиусынын әсерін ескеретін коэффициенті.

K_r=1[18 кесте, 271 бет, 2.]

Сонда жалпы түзету коэффициенті.

K_v=0,88·1·1·1·1=0,88

C_v=340 коэффициенті мен x=0.15, y=0.45, m=0.2 дәрежелері [17 кесте, 269 бет, 2.] кестеде берілген.

Тұрақтылық периоды T=45. [268 бет, 2.]

4. Шпиндельдін айналу саның анықтау.

$$n = \frac{1000v}{\pi D} = \frac{1000 \cdot 139.24}{201.06} = 692.53 \text{ айн/мин.}$$

Станок паспорты бойынша түзетеміз.

$$n_{ä} = 630 \text{ айн/мин.}$$

Нақты кесу жылдамдығын табамыз.

$$v_{ä} = \frac{\pi \cdot D \cdot n}{1000} = 126.7 \text{ м/мин.}$$

5. Кесу күшін анықтау.

$$P_z = 10 C_p t^x S^y v^n K_{ð} = 10 \cdot 300 \cdot 2^1 \cdot 0.8^{0.75} \cdot 126.7^{-0.15} \cdot 0.744 = 2692.8 \text{ Н.}$$

C_p=300 коэффициенті мен x=1, y=0.75, n=-0.15 дәрежелер көрсеткіштерін [22 кесте, 273 бет, 2.] кестеден аламыз.

мұндағы Kp = K_{MP} ·Kφp·Kγp·Kλp· Krp=1,1 жалпы кесу жағдайын ескеретін түзету коэффициенті.

$$K_{MP} = \left(\frac{\sigma_B}{750}\right)^{0.75} = \left(\frac{610}{750}\right)^{0.75} = 0.8 \text{ . [9 кесте, 264 бет, 2.]}$$

Kφp=0.89
Kγp=1
Kλp=1
Krp=0.93

6. Кесу режиміне қажетті қуатты іздейміз.

$$N_e = \frac{P_z v}{1020 \cdot 60} = \frac{2692.8 \cdot 126.7}{1020 \cdot 60} = 5.6 \text{ кВт.}$$

7. Операцияның негізгі уақытын есептеу.

$$Ò_{î} = \frac{L_{px}}{n * s_0} ı = \frac{73.7}{630 * 0.8} 1 = 0,15 \text{ ìèí} \quad .$$

Операция: жону операциясының есебі. (қаралай)
Станок: жону станогы мод. 1А832
Қондырма: үш құлақты қысқыш МЕСТ 16533-68*, Қысу бұрандалары МЕСТ 14436-64*.
Кесу құралы: Кескіш 2142-0150 МЕСТ 9795-84.
Қосымша құрал: Құралбілік 6300-0896 МЕСТ 21225-75.
Өлшеу құралы: ШЦ I-135 МЕСТ 169-88.
1. Кесу тереңдігін анықтау.
t=1 мм, ол әдіп мәніне тең.

2. Берілісті анықтау.
Қаралай жону кезінде [12 кесте, 267 бет, 2.] кесте бойынша кесу терендігіне байланысты алынады: S=0.7 мм/айн

3. Кесу жылдамдығын анықтау.

$$v = \frac{C_V}{T^m t^x s^y} K_V = \frac{350}{50^{0,2} \cdot 1^{0,15} \cdot 0,7^{0,35}} 1 = 133 \text{ м/мин.}$$

мұндағы коэффициент $K_v = K_{iv} \cdot K_{nv} \cdot K_{uv}$ жалпы кесу жағдайын ескеретін

түзету коэффициенті.
Өңделетін материалдың сапасын (физико - механикалық қасиеті) ескеретін коэффициенті. [1-4 кесте, 262 бет, 2.]

$$K_{мv} = \left(\frac{750}{\sigma_B}\right)^{n_v} \cdot K_T = \left(\frac{750}{610}\right)^{0.75} = 0.88.$$

Кесте [2 кесте, 262 бет, 2.] бойынша коэффициенті K_T =1 мен n_v =1.75 дәреже көрсеткішін табамыз.
Дайындаманың бет қалыпын әсерін ескеретін коэффициент.

K_{nv}=1 [5 кесте, 263 бет, 2.]

Кескіштін материалының әсерін ескеретін коэффициенті.

K_{uv}=1.15[6 кесте, 263 бет, 2.]

Пландағы бұрыштың әсерін ескеретін коэффициент.

K_{φ}=1[18 кесте, 271 бет, 2.]

Кескіш радиусынын әсерін ескеретін коэффициенті.

K_r=1[18 кесте, 271 бет, 2.]

Сонда жалпы түзету коэффициенті.

K_v=0,88·1·1.15·1·1=1

C_v=350 коэффициенті мен x=0.15, y=0.35, m=0.2 дәрежелері [17 кесте, 269 бет, 2.] кестеде берілген.
Тұрақтылық периоды T=60. [268 бет, 2.]
4. Шпиндельдін айналу саның анықтау.

$$n = \frac{1000v}{\pi D} = \frac{1000 \cdot 133}{3.14 * 57} = 745 \text{ айн/мин.}$$

Станок паспорты бойынша түзетеміз.

$$n_{ä} = 800 \text{ айн/мин.}$$

Нақты кесу жылдамдығын табамыз.

$$v_{ä} = \frac{\pi \cdot D \cdot n}{1000} = 143 \text{ м/мин.}$$

5. Кесу күшін анықтау.

$$P_z = 10C_p t^x S^y v^n K_{ð} = 10 \cdot 300 \cdot 1^1 \cdot 0.7^{0.75} \cdot 143^{-0.15} \cdot 0.95 = 1250 \text{ Н.}$$

C_p=300 коэффициенті мен x=1, y=0.75, n=-0.15 дәрежелер көрсеткіштерін [22 кесте, 273 бет, 2.] кестеден аламыз.
мұндағы Kp = K_{MP} ·Kφp·Kγp·Kλp· Krp=0,95 жалпы кесу жағдайын ескеретін түзету коэффициенті.

$$K_{MP} = \left(\frac{\sigma_B}{750}\right)^{0.75} = \left(\frac{610}{750}\right)^{0.75} = 1.09.$$ [9 кесте, 264 бет, 2.]

Kφp=1,1
Kγp=1
Kλp=1
Krp=0.93
6. Кесу режиміне қажетті қуатты іздейміз.

$$N_e = \frac{P_z v}{1020 \cdot 60} = \frac{1250 \cdot 143}{1020 \cdot 60} = 2.9 \text{ кВт.}$$

7. Операцияның негізгі уақытын есептеу.

$$T_o = \frac{L_{px}}{n * s_0} \iota = \frac{67.58}{800 * 0.7} 1 = 0,12 \text{ мин}.$$

Операция: жону операциясының есебі. (тазалай)
Станок: жону станогы мод. 1А832
Қондырма: үш құлақты қысқыш МЕСТ 16533-68*, Қысу бұрандалары МЕСТ 14436-64*
Кесу құралы: Кескіш 2142-0150 МЕСТ 9795-84
Қосымша құрал: Құралбілік 6300-0896 МЕСТ 21225-75
Өлшеу құралы: ШЦ I-135 МЕСТ 169-88.
1. Кесу тереңдігін анықтау.
t=0,6мм, ол әдіп мәніне тең.
2. Берілісті анықтау.
Тазалай жоңғанда кестеден беттін кедір – бұдырлық қасиетіне және материал түрін байланысты. [14 кесте, 268, бет, 2.] 0,2 мм/айн.

3. Кесу жылдамдығын анықтау.

$$v = \frac{C_V}{T^m t^x s^y} K_V = \frac{420}{45^{0,2} \cdot 0,6^{0,15} \cdot 0,2^{0,2}} 1.13 = 342.24 \text{ м/мин.}$$

мұндағы коэффициенті $K_v = K_{iv} \cdot K_{nv} \cdot K_{uv}$ жалпы кесу жағдайын ескеретін түзету коэффициенті.
Өңделетін материалдың сапасын (физико - механикалық қасиеті) ескеретін коэффициенті. [1-4 кесте, 262 бет, 2.]

$$K_{мv} = \left(\frac{750}{\sigma_B}\right)^{n_v} \cdot K_T = \left(\frac{750}{610}\right)^{0.75} = 1.23.$$

Кесте [2 кесте, 262 бет, 2.] бойынша коэффициенті K_T =1 мен n_v =1.75 дәреже көрсеткішін табамыз.
Дайындаманың бет қалыпын әсерін ескеретін коэффициент.

K_{nv}=0.8-0.85 [5 кесте, 263 бет, 2.]

Кескіштін материалының әсерін ескеретін коэффициенті.

K_{uv}=1.15[6 кесте, 263 бет, 2.]

Пландағы бұрыштың әсерін ескеретін коэффициент.

K_{φ}=1[18 кесте, 271 бет, 2.]

Кескіш радиусынын әсерін ескеретін коэффициенті.

K_r=1[18 кесте, 271 бет, 2.]

Сонда жалпы түзету коэффициенті.

K_v=1.23·0.85·1.15·1·1=1.13

Тұрақтылық периоды T=45. [268 бет, 2.]
C_v=420 коэффициенті мен x=0.15, y=0.2, m=0.2 . дәрежелері [17 кесте, 269

бет, 2.] кестеде берілген.

4. Шпиндельдін айналу саның анықтау.

$$n = \frac{1000v}{\pi D} = \frac{1000 \cdot 342.24}{3.14 \cdot 60.5} = 1801.5 \text{ айн/мин.}$$

Станок паспорты бойынша түзетеміз.

$$n_{ä} = 1750 \text{ айн/мин.}$$

Нақты кесу жылдамдығын табамыз.

$$v_{ä} = \frac{\pi \cdot D \cdot n}{1000} = \frac{3.14 \cdot 60.5 \cdot 1750}{1000} = 332.44 \text{ м/мин.}$$

5. Кесу күшін анықтау.

$$P_z = 10 C_p t^x S^y v^n K_{ð} = 10 \cdot 300 \cdot 0{,}6^1 \cdot 0{,}2^{0.75} \cdot 332.44^{-0.15} \cdot 0.6 = 131.5 \text{ Н.}$$

C_p=300 коэффициенті мен x=1, y=0.75, n=-0.15 дәрежелер көрсеткіштерін [22 кесте, 273 бет, 2.] кестеден аламыз.

мұндағы Kp = K_{MP} ·Kφp·Kγp·Kλp· Krp=0.6 жалпы кесу жағдайын ескеретін түзету коэффициенті.

$$K_{MP} = \left(\frac{\sigma_B}{750}\right)^{0.75} = \left(\frac{610}{750}\right)^{0.75} = 0.72 \text{ [9 кесте, 264 бет, 2.]}$$

Kφp=0.89

Kγp=1

Kλp=1

Krp=0.93

6. Кесу режиміне қажетті қуатты іздейміз.

$$N_e = \frac{P_z v}{1020 \cdot 60} = \frac{131.5 \cdot 332.44}{1020 \cdot 60} = 0.7 \text{ кВт.}$$

7. Операцияның негізгі уақытын есептеу.

$$Ò_{î} = \frac{L_{px}}{n * s} \quad ı = \frac{70}{1750 \ * 0{,}2} 1 = 0.2 \ ìèí \quad .$$

Операция: ажарлау операциясының есебі.

Станок: ажарлау станогы мод. 3У10В.

Қондырма: центра поводкоый қысқышы

Ажарлау құралы: тас. ПП37А40НСМ25КВ

Қосымша құрал: Патрон 1-50-15-90 МЕСТ 26539-85.

Өлшеу құралы: ШЦ І-135 МЕСТ 169-88.

1. Тереңдігін анықтау.

Ажарлау операциясы кезінде ажарлау тереңдігі төменгідей болады: 0,133 мм

2. Берілісті анықтау.

